

Қазақстан Республикасы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Әйтеке би ауданының
білім бөлімі» ММ

Республика Казахстан
ГУ «Управления образования
Актюбинской области
отдел образования
Айтекебийского района»

Т.Жүргенов көшесі №73, телефон 21-5-35, 21-6-80 факс: 22-5-40, aitekeioo@yandex.kz

Т.Жүргенов ауылы

с.Т.Жүргенова

Шығыс № 566

« 02 » 04. 2021 жыл

**Ақтөбе облысының білім басқармасы
ММ-нің басқарма басшысы
Ж.Батырханға**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» ММ-нің №12 санды бұйрығының негізінде 2021 жылға жасақталған жоспары негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыстары туралы.

Әйтеке би ауданының білім бөлімі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениет саласының жай-күйі қалыпты. Бөлімде нақты іс-шаралар жоспарлары қабылданып, жыл ішінде белгіленген шаралар толық іске асырылды.

Мектеп басшылары және қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін әр жиналыс, отырыстарында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде үнемі ескертілуде.

Бөлімде және бөлімге қарасты білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қатысты келеңсіз жағдай фактілері орын алған жоқ. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабына сәйкес, ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 18 Бұйрығымен бекітілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жоспары жасалды, жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар, мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары ережелері сақталады.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдары, хаттарына уақытылы жауап берілді. Басшының азаматтарды қабылдау кестесі қабылдау бөлмесінде ілінген.

Мектеп басшыларының кабинеті «Адалдық алаңы» жобасы аясында 1 қабатқа көшірілді.